

Екібастұз қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 4 мамырдағы "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі туралы" N 396/5 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 01 шілдедегі N 527/6 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 26 шілдеде N 12-3-301 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 23 тамыздағы N 751/7 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2011.08.23 N 751/7 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, халықтың нысаналы топтарындағы жұмыссыздарды жұмысқа орналыстыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеуді ұйымдастыру мақсатында Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Екібастұз қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 4 мамырдағы "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 12-3-266 болып тіркелген, 2010 жылғы 27 мамырдағы N 22 "Отарқа" және N 20 "Экибастузское обозрение" газеттерінде жарияланған) N 396/5 қаулысына (бұдан әрі – қаулы) келесі өзгеріс енгізілсін:
қаулының 1-тармағы алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары **Ғ.А. Оспанқұловқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қалалық әкімі

А. Вербняк